

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті**  
**Ғылыми Кеңесінің №21 мәжілісінің**  
**ХАТТАМАСЫ**

Қызылорда қ.

30.03.2026ж, сағат: 15.00

Қатысқандар: Ғылыми Кеңес мүшелері қатысу парағына сәйкес.

**КҮН ТӘРТІБІ**

**1 сұрақ.** Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2025 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

**2 сұрақ.** 2025 жылғы түлектердің жұмыспен қамту деңгейіне талдау және жұмыс берушілермен ынтымақтастық жолдарын жетілдіру (Рекрутинг және мансап басқармасының басшысы Асқат Саматұлы Мырзабай).

**3 сұрақ.** Оқу құралдарын баспаға ұсыну (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

**4 сұрақ.** ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне профессор, қауымдастырылған профессор дәрежесі қызметіне үміткерлерді ұсыну (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

**5 сұрақ.** Докторант, магистранттардың ғылыми жетекшілерін қайта тағайындау және бекітілген тақырыптарға өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

**Төраға:** Қайырлы күн құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Бүгін Ғылыми кеңестің 21 мәжілісінің жұмысын бастауға мүшелердің 38 құрам санының 33 қатысып отыр. Қалғандары дәлелді себеппен қатыса алмай отыр. Ғылыми кеңес жұмысын жүргізуге кворум бар. Сіздерден қандай ұсыныс болар екен?

**Б.А.Досжанов:** Ашылсын.

**А.О.Оразбақов:** Ашылсын.

**Төраға:** Сіздердің тараптарыңыздан «Ашылсын» деген ұсыныс түсті. Ғылыми Кеңес мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібін бекітуге дауыс берулеріңізді сұраймын.

**Қолдаушылар – 33 адам,**

**Дауыс беру нәтижесі: иә-33, қарсы, қалыс жоқ.**

1. Күн тәртібі бекітілсін.

**1 сұрақ.** Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2025 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор **М.А.Бурибаеваның** есебі тыңдалды.

### **Баяндаманың негізгі тезистері:**

- **Халықаралық рейтингтер:** 2025 жылы университет QS бойынша «4 жұлдыз» сапа белгісін иеленді. Аймақтық QS Asia рейтингінде 593-орынға, Орталық Азия бойынша 36-орынға тұрақтады. Times Higher Education және UI GreenMetric рейтингтерінде де позициялар бекітілді.
- **Ғылымды қаржыландыру:** 2025 жылы 38 жоба орындалып, жалпы табыс **838 772 213,44 теңгені** құрады. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда жобалар саны бойынша 3 есе, табыс көлемі бойынша 9,3 есе өскенін көрсетеді.
- **Ғалымдарды қолдау:** 2021 жылдан бастап ішкі гранттар саны өсіп, 2025 жылы 20 жобаға 30 млн теңге бөлінді. «Профессор-зерттеуші» лауазымы 5 адамға дейін артты.
- **Халықаралық ынтымақтастық:** 8 халықаралық жоба орындалды. Тюбинген, Оксфорд, Корнель секілді топ-университеттермен байланыс орнатылған. «500 ғалым» жобасы аясында 27 оқытушы жеңімпаз атанды.
- **Жарияланымдық белсенділік:** 2025 жылы Scopus базасында – 149 мақала, Web of Science базасында – 90 мақала жарияланды. Мақалаларды ынталандыру мақсатында 2023 жылғы еңбектер үшін 7,9 млн теңгеден астам сыйақы төленді.
- **Ғылыми басылымдар:** Университеттің 8 журналы ребрендингтен өтті. «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» сериясы КОКСНВ (ККСОН) тізіміне енген. Редакциялық алқа құрамында 11 мемлекеттен 87 ғалым бар.

- **Инфрақұрылым:** Ғылым 6 институт пен 6 ғылыми орталық базасында жүзеге асырылуда. 35 студенттік үйірме жұмыс істейді.

### **СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ:**

**Төраға:** Комитет (КОКСНВ) тізіміне дайындалып жатқан 7 журнал бойынша жұмыстарды барынша күшейту керек:

1. Philological Sciences Journal (Филология ғылымдары);
2. Biological Sciences Journal (Биология ғылымдары);
3. Chemistry and Chemical Technology Journal (Химия және химиялық технология);
4. Техника ғылымдары және технология (Technical Sciences and Technology);
5. Математика, физика және информатиканы оқытудың өзекті мәселелері (педагогикалық бағытта);
6. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология сериясы;
7. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Экономика ғылымдары сериясы.

**С.Т.Тайман:** Университетте тағы Диссертациялық кеңестер ашу мүмкіндігі қандай?

**М.А. Бурибаева:** Ғылыми жұмыстары мен мақалалары дайын докторанттар болса әрине ашуға болады.

**Д.М.Абдрашева:** Ғылыми жобаларға жетекші, орындаушы ретінде қатысатын профессор-оқытушылар мен «зерттеуші-профессор», «зерттеуші-доцент», «зерттеуші-оқытушы» қызметінде жұмыс атқаратын профессор-оқытушылардың ғылыми іссапарлары оқу үдерісіне кедергі келтірмеуі үшін оқу жылының басында алдын ала тиісті құрылымдармен өзара келісілуі керек, сабақ кестесінде есепке алынып реттелуі керек.

**Төраға:** Осы жұмысты назарға алып, үйлестіру аса маңызды.

**М.А.Бурибаева:** Шет елдік ғалымдармен біріккен ғылыми жобалар болғандықтан, график өзгеріп тұрады. Дегенмен ескеретін боламыз.

**Төраға:** Скопус мақалаларды шығарудың болжамдық жоспары бар ма?

**М.А.Бурибаева:** қауымдастырылған профессор, профессор лауазымдарына отырғызу барысында жоспарлауға мүмкіндік бар. Алдағы уақытта қарастырамыз.

**Н.Ж.Уразбаев:** алынған патенттер бойынша өңірге пайдасы бар ма?

**М.А.Бурибаева:** Коммерциализация барысында нәтижесі болады.

**А.Ж.Сейтмуратов:** Журналдарға мақала жариялауды қосымша докторанттарға да міндеттесек?

**Төраға:** Өте орынды осы жұмысты назарға алып, үйлестіру қажет.

**С.М.Ильясова:** есебіңздегі айтылған келісім-шарттардың орындалуын қайдан көреміз?

**М.А.Бурибаева:** НЦГНТЭ сайтына тіркеледі. Барлық қаражат бойынша ақпараттар есебі бар.

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә-33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваның 2025 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есебі назарға алынсын.

2. Университеттің халықаралық (**QS және Times Higher Education**) рейтингтердегі позициясын нығайту және жарияланымдық белсенділікті арттыру жұмыстарына нақты жоспар жасалсын және күшейтілсін.

3. «Университеттің 7 ғылыми журналдарын ҚР ҒЖБМ **Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (КОКСНВ)** ұсынған басылымдар тізіміне енгізу жұмыстары жандандырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаеваға жүктелсін.

**2 сұрақ.** 2025 жылғы түлектердің жұмыспен қамту деңгейіне талдау және жұмыс берушілермен ынтымақтастық жолдарын жетілдіру (Рекрутинг және мансап басқармасының басшысы Асқат Саматұлы Мырзабай).

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**А.С. Мырзабай** 2025 жылғы бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері бойынша аналитикалық есеп берді:

- **Жалпы көрсеткіш:** Университет бойынша орташа жұмыспен қамтылу деңгейі – **73%** (Бакалавриат – 71%, Магистратура – 91%, Докторантура – 100%).
- **Төмен көрсеткіштер:** Кейбір бағыттар бойынша индикаторлар төмен (Мемлекеттік және жергілікті басқару – 52%, Археология және этнология – 57%, Пайдалы қазбаларды байыту – 57%).
- **Жоғары көрсеткіштер:** Математика, Химия, Тау-кен ісі, Жерге орналастыру бағыттары бойынша көрсеткіш – 100%.
- **Аналитика:** Түлектердің 42,5%-ы оқуын жалғастыруды (магистратура) жоспарласа, 43,3%-ы 200 000 теңгеден жоғары жалақы алады. Сондай-ақ, студенттердің 35,5%-ы практикадан өткен жерінде жұмысқа қалған.

**Жұмыс берушілермен байланыс:** 2026 жылдың сәуір айында Жұмыс берушілер форумын өткізу жоспарлануда. "Kyzylorda Hub" базасында түлектер үшін AI, No Code, Startup бағыттары бойынша оқыту курстары ұйымдастырылды.

## **СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ:**

**Төраға:** Бітіруші түлектер практика кезінде өздерін жарнамалау жолдарын кешенді түрде жүргізуі керек. Сонда жұмысберуші де ол үшін сұраныс беруге дайын тұрады. Осы бағытты белсендіру аса маңызды.

**С.Т.Тайман:** Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуынан ақпарат алу үшін олармен байланыс формасы қалай жүзеге асырылады?

**А.С. Мырзабай:** Біздің қызметкерлер тарапынан университеттің ішкі базасында әрбір түлектің жұмысқа орналасуы туралы ақпараты жинақталады, олардың жұмыс орны мен лауазымы туралы деректер білім беру бағдарламаларының тарапынан алынған анықтамалар негізінде біріктіріледі.

**С.М.Ильясова:** *Endowment & Alumni* бірыңғай чатын жасап кіргізсек, яғни "Бос жұмыс орындары", "Эндаумент жобалары" және т.б. деген сияқты қызықты платформа арқылы байланысты үзбей жалғастыру мақсатында.

**Төраға:** Ұсыныс орынды, халықаралық деңгейдегі түлектер үшін кәсіби орта қалыптастыру қажет. Университеттің ішкі жүйесімен интеграцияланған, түлектердің арнайы платформасын қалыптастырсақ **жұмыспен қамту деңгейінің артуының арқасында** түлектер өздерінің оқу орнына сеніммен қарайды. Сонымен қатар, **кері байланыс орнату мақсатында**, білім беру бағдарламаларын нарық талабына сай "апгрейд" жасау үшін түлектерден (мамандардан) нақты ұсыныстар ала аламыз.

**А.С. Мырзабай:** Осы бағытта жұмыс жүргізу үшін анализ жасап, жұмыс жүргізетін боламыз.

**А.Б.Жаппасбаев:** Университет қабырғасында оқып жүріп, практикалық іс-тәжірибеден өту нәтижесі бойынша жұмысқа тұрған студенттер бар ма?

**А.С. Мырзабай:** Әрине, шамамен 35 пайыз шамасында. Әр БББ бойынша талдау жасап беруге болады.

**Төраға:** Өндірістік іс-тәжірибе — студенттің кәсіби біліктілігін іс жүзінде дәлелдейтін ең басты сынақ алаңы. Тәжірибе барысында өзін жақсы қырынан көрсетіп, теориялық білімін практикамен ұштастыра алған студент өзін жұмыс берушіге таптырмас маман ретінде танытады. Нәтижесінде, диплом алмай жатып жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады, яғни заманауи еңбек нарығындағы жеке брендті қалыптастырудың ең тиімді жолы. Дипломалды практика кезіндегі студенттің белсенділігі оған берілген нақты мүмкіндік. Студент университет қабырғасында жүріп-ақ өз білімін іспен дәлелдеп, «өзін-өзі жарнамалай» білсе, жұмыс беруші оған міндетті түрде назар аударады. Практикадан кейін сол мекемеде жұмысқа қалу — білім мен еңбектің шынайы жеңісі.

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә-33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. **2025 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштеріне** жасалған аналитикалық талдау жұмыстары назарға алынсын.

2. **Жұмыспен қамту деңгейі** белгіленген нысаналы индикатордан (79%) төмен болған жекелеген бағдарламалар бойынша тиісті институт директорлары мен Білім беру бағдарламаларының жетекшілеріне ерекше **назар аударылып**, тиісті нәтижеге қол жеткізу жұмыстары күшейтілсін.

3. Түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал ету мақсатында **кешенді жұмыстарды жүргізу** Рекрутинг және мансап басқармасының басшысы **Асқат Саматұлы Мырзабайға**, институт директорлары мен Білім беру бағдарламаларының жетекшілеріне тапсырылсын.

4. Университеттегі мансаптық бағыттағы жұмыстарды жүйелендіру мақсатында **«Мансап» орталығын құру** мәселесіне арнайы талдау жасау Аппарат басшысы **Гүлзат Қыстаубаевна Бердалиеваға** тапсырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Дана Мейрамовна Абдрашеваға** жүктелсін.

**3 сұрақ.** Оқу құралдарын баспаға ұсыну (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**М.А.Бурибаева**-университет ПОҚ дайындалған оқу құралдарын ғылыми кеңес мүшелерінің назарына ұсынды:

1. «Аграрлық технологиялар» БББ қауымдастырылған профессор, доцент, а-ш.ғ.д. Таутенов Ибадулла Айғалиұлы, қауымдастырылған профессор, PhD Бекжанов Серік Жолдахметұлының авторлығымен даярланған «Агрохимия» атты оқу құралы баспаға ұсынылады

2. «Орыс тілі және әдебиеті» БББ аға оқытушы, ф.ғ.к. Есенова Пернекуль Сагинтаевна, аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Тайбекова Лаура Сейдуалиевнаның авторлығымен даярланған «Концепт «семья»: лингвокогнитивный анализ» оқу құралы баспаға ұсынылады.

3. «Шетел тілдері және аударма» БББ аға оқытушысы Билтекенова Гулмира Баймахановна авторлығымен даярланған «English for Construction» (Құрылыс саласындағы тілдік емес білім беру бағдарламаларының білім алушыларына арналған) электронды оқу құралы электронды басылым ретінде шығар ұсынылады.

4. «Сәулет және құрылыс өндірісі» БББ қауымдастырылған профессор, PhD Абдикерова Улия Бактыбаевна, т.ғ.к., қауымдастырылған

профессор Қаршығаев Ғалымжан Орынбасарұлы, М.Әуезов атындағы ОҚУ Сәулет және қала құрылысы кафедрасының доценті, PhD Ибраимова Ұлжан Бахытжанқызының авторлығымен даярланған «Инженерлік жүйелер мен желілер» электронды басылым ретінде шығар ұсынылады.

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә-33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. Оқу құралдарын бекітуге ұсыну туралы баяндама назарға алынсын.

2. «Аграрлық технологиялар» БББ қауымдастырылған профессор, доцент, а-ш.ғ.д. Таутенов Ибадулла Айғалиұлы, қауымдастырылған профессор, PhD Бекжанов Серік Жолдахметұлының авторлығымен даярланған «Агрохимия» атты оқу құралы өз қаражаты есебінен баспаға ұсынылсын.

3. «Орыс тілі және әдебиеті» БББ аға оқытушы, ф.ғ.к. Есенова Пернекуль Сагинтаевна, аға оқытушы, гум.анитарлық ғылымдар магистрі Тайбекова Лаура Сейдуалиевнаның авторлығымен даярланған «Концепт «семья»: лингвокогнитивный анализ» оқу құралы өз қаражаты есебінен баспаға ұсынылсын.

4. «Шетел тілдері және аударма» БББ аға оқытушысы Билтекенова Гулмира Баймахановна авторлығымен даярланған «English for Construction» (Құрылыс саласындағы тілдік емес білім беру бағдарламаларының білім алушыларына арналған) еңбегі өз қаражаты есебінен электронды басылым ретінде шығару ұсынылсын.

5. «Сәулет және құрылыс өндірісі» БББ қауымдастырылған профессор, (PhD) философия докторы Абдикерова Улия Бактыбаевна, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Қаршығаев Ғалымжан Орынбасарұлы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті Сәулет және қала құрылысы кафедрасының доценті, (PhD) философия докторы Ибраимова Ұлжан Бахытжанқызының авторлығымен даярланған «Инженерлік жүйелер мен желілер» еңбегі өз қаражаты есебінен электронды басылым ретінде шығару ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

**4 сұрақ.** ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне профессор, қауымдастырылған профессор

дәрежесі қызметіне үміткерлерді ұсыну (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**М.А.Бурибаева-** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне «20400 – Химиялық инжиниринг» ғылыми бағыты бойынша «Профессор» ғылыми атағына келесі үміткердің құжаты ұсынылады: Нарманова Роза Абдибековна;

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне «10300 – Химиялық ғылымдар» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына келесі үміткердің құжаты ұсынылады: Аскарова Гүлзат Шакирбековна;

Аталған үміткерлердің құжаттары талапқа сай. Назарларыңызға рақмет!

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә-33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне «20400 – Химиялық инжиниринг» ғылыми бағыты бойынша «Профессор» ғылыми атағына келесі үміткердің құжаты ұсынылсын:

- Нарманова Роза Абдибековна;

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне «10300 – Химиялық ғылымдар» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына келесі үміткердің құжаты ұсынылсын:

- Аскарова Гүлзат Шакирбековна;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

**5 сұрақ.** Магистранттар мен докторанттардың ғылыми жетекшілерін қайта тағайындау және бекітілген тақырыптарға өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**М.А.Бурибаева** Магистранттардың диссертация тақырыптарына өзгерістер енгізу және ғылыми жетекшілерін қайта тағайындау мәселелері бойынша баяндама жасады.

**Докторанттың диссертация тақырыбына өзгерістер енгізіп,  
қайта бекітуге ұсынылады**

<b>Аты – жөні</b>	<b>БББ оқу тобы</b>	<b>Бекітілген тақырыбы</b>	<b>Қайта бекітуге ұсынылатын тақырыбы</b>
Изтлеуова Жанна Бахытжановна	6D010200- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі (2018-2021)  Ғылыми кеңесшісі Майгельдиева Шарбан Мусабековна «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы	Профессиональная подготовка будущих учителей начальных классов на основе полилингвального подхода	Педагогические условия реализации полилингвального подхода в процессе подготовки будущих учителей начальных классов  Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде көптілді тәсілді енгізудің педагогикалық шарттары  Pedagogical conditions for the implementation of a multilingual approach in the process of training primary school teacher candidates

**Магистранттың диссертация тақырыбына өзгерістер енгізіп,  
қайта бекітуге ұсынылады**

Айдосова Аккенже Жарасовна	7M01723-Шетел тілі: екі шетел тілі  ШТ-24-1м	Орта мектептегі ағылшын тілі сабағын басқаруға арналған оқыту құралдарын пайдалану стратегиялары	Strategies of using teaching tools for English classroom management at a secondary school (on the base of Class dojo, Flubaroo platforms)
----------------------------------	---	--	--

		<p>(Class 123, Flubaroo платформаларының негізінде)</p> <p>Ғылыми жетекшісі Джумагулова Марияш Ширдаевна – «Шетел тілі және аударма» БББ доценті, филология ғылымдарының кандидаты</p>	<p>Орта мектептегі ағылшын тілі сабағын басқаруға арналған оқыту құралдарын пайдалану стратегиялары (Class dojo, Flubaroo платформаларының негізінде)</p> <p>Стратегии использования средств обучения для управления классом английского языка в средней школе (на базе платформ Class dojo, Flubaroo)</p>
--	--	--	--

**Магистранттың ғылыми жетекшісін қайта тағайындауға ұсынылады**

<b>Аты – жөні</b>	<b>БББ оқу тобы</b>	<b>Тағайындалған ғылыми жетекші</b>	<b>Қайта тағайындауға ұсынылатын ғылыми жетекші</b>
Жұмағұлова Хадиша	7М01722-Орыс тілі мен әдебиеті РЯЛ-24-2м	Каримова Бейбиткуль Сарсемхановна - Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Орыс тілі мен әдебиеті» БББ профессоры, филология ғылымдарының кандидаты	Бурибаева Майнура Абильтаевна – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Орыс тілі мен әдебиеті» БББ аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә-33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. Ғылыми зерттеу бағытының нақтылануына байланысты докторант Изтлеуова Жанна Бахытжановнаның және магистрант Аккенже Жарасовна Айдосованың диссертация тақырыптарына өзгеріс енгізіліп жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Өндірістік қажеттілікке және кадрлық құрамның өзгеруіне байланысты келесі магистрант Хадиша Жұмағұлованың ғылыми жетекшісі қайта тағайындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А Бурибаеваға жүктелсін.

**Төраға:** Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды Барлық баяндамашыларға рақмет!

Осы Ғылыми Кеңес мәжілісінің хаттамасы негізінде қаулылардың уақытылы орындалуын бақылау Аппарат басшысы Гульзат Кыстаубаевна Бердалиеваға жүктеледі.


Мәжіліс жабық. Сау болыңыздар!

Ғылыми Кеңес Төрағасы



Н.С.Байкадамов

Ғалым хатшы



Л.А.Жусупова